

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024/2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «№3бөбекжай»

**Топ/сынып:** ересек топ

**Бала жасы:** 4 жастағы балалар

**Кезеңі:** желтоқсан

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар</b></p> <p><b>Жүру.</b> Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүру.</p> <p><b>Тепе-теңдікті сақтау:</b> көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30–35 сантиметр) жүру.</p> <p><b>Жүгіру.</b> Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, жыланша ирелеңдеп, шашырап жүгіру.</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен төрттағандап еңбектеу.</p> <p><b>Секіру.</b> Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру.</p> <p><b>Лақтыру, домалату, қағып алу.</b> Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта).</p> <p><b>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.</b> Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отырып тұру.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b> Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілікті дамыту.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b> Үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу. Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су</p>

	шараларын жүргізу: мұрын-жұтқыншақты шынықтыру, жалаң аяқ жүру
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтуға үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Қазақ тіліндегі сөздерді мұқият тыңдауға, оларды дұрыс айтуға және есте сақтауға үйрету.</p> <p><b>Сөздік қоры.</b> Кейбір тұрмыстық заттардың, жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың атауларын білдіретін сөздердің мағынасын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> 2–3 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдерді түсіну қабілетіне үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Қарапайым сөйлем құра білуге, қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Жиын.</b> Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы білімін жетілдіру; заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуге үйрету.</p> <p><b>Сан, санау.</b> Беске дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді, қорытынды санды атауға, «Нешінші?», «Қанша болды?», «Барлығы қанша?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p> <p><b>Шама.</b> Ұзындығы, ені, қалыңдығы және биіктігі бойынша екі затты салыстыра білуге үйрету.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b> Геометриялық фигураларды (дөңгелек,</p>

	<p>үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен).</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы ұғымдарын кеңейту</p>
<p><b>Қоршаған таныстыру</b></p>	<p><b>ортамен</b> Бала, оның отбасы, үй. Баланың өсуі мен дамуы, өткені, бүгінгі және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру (мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын).</p> <p><b>Заттық әлем.</b> Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p><b>Байланыс және қозғалыс құралдары.</b> Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b> Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b> Баланың моральдық нормаларды сақтауға (және бұзуға) жеке көзқарасын қалыптастыруға ықпал ету: өзара көмек, ренжіген адамға жанашырлық және құқық бұзушының әрекеттерімен келіспеу. Отан – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімдерін ояту. Мемлекеттік мерекелерге қатысуға үйрету. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Жолда жүру ережелері.</b> Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p><b>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.</b> Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу, соған сәйкес киіну.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b> Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту.</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b> Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
<p><b>Сурет салу</b></p>	<p>Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту</p>

<b>Мүсіндеу</b>	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру қасиетін қалыптастыру
<b>Жапсыру</b>	Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жапсыруда жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды бейнелеу үшін қолдануды үйрету.
<b>Құрастыру</b>	Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу.
<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау.</b> Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу.</p> <p><b>Ән айту.</b> Мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру («ре-си» бірінші октава шегінде); қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимылдар.</b> Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнай білуді дамыту.</p> <p><b>Билер.</b> Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.</p>